

«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
вице-министрі
Бекмағамбетов Д.Б.

**«Экологиялық білім берудің үздік ұйымы»
Ұлттық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Байқаудың мақсаты:

«Экологиялық білім берудің үздік ұйымы» ұлттық байқауы (бұдан әрі – *Байқау*) Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары арасында экологиялық бағдарланған қызмет пен тұрақты даму алғышарттарын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

2. Байқаудың міндеттері:

2.1. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларына қатысудың озық тәжірибелерін, жұмыстың тиімді әдіс-тәсілдерін, озық тәжірибелерін анықтау, жалпылау және тарату;

2.2. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ақпараттық жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру және азаматтарды экологиялық тәрбиелеу;

2.3. Экологиялық саладағы проблемалық мәселелерге және Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің жағдайын жақсартуға назар аудару.

3. Байқаудың жалпы ережелері:

3.1. Осы ереже байқауды ұйымдастыру, өткізу және қорытындылау қағидастарын белгілейді;

3.2. Байқауға Қазақстан Республикасында тіркелген мемлекеттік және жеке сектордағы білім беру ұйымдары (*мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, мектептер, қосымша білім беру ұйымдары, колледждер, жоғары оқу орындары*) қатыса алады;

3.4. Байқауға қатысу бойынша барлық шығындарды, соның ішінде конкурстық жұмыстарды дайындауға байланысты шығындарды қатысушылар өздері көтереді;

3.3. Байқауға қатысушылардың жұмыстарын ұйымдастырушылар көпшілікке жариялау үшін пайдалана алады.

4. Байқау номинациялары:

- «**Табиғатқа жанашыр ұйым**» номинациясы. Бұл номинация аясында қатысушылар өз ұйымының белсенді түрде экологиялық өмір салтын жүргізетінін және қоршаған ортаны сақтау үшін жауапты шараларды қабылдайтынын барынша анық және сенімді түрде көрсететін жұмысын ұсынады, яғни ұйым қоршаған ортаны қорғауға қатысты өзінің әлеуметтік жауапкершілігін көрсетуі керек. **Бұл білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, табиғи аумақтарды абаттандыру, экологиялық жобаларды қолдау, волонтерлік және т.б. болуы мүмкін.**

- «**Үздік экологиялық жоба**» номинациясы. Бұл номинация аясында **қатысушылар Қазақстандағы қоршаған ортаны сақтау және қорғау үшін маңызы зор экологиялық жобасын ұсынады.** Жобаның мақсаты, әдіс-тәсілдері, ресурстары мен жоспарлары және күтілетін нәтижелері толық қамтылуы керек. Сонымен қатар, жобаның табыстылығы мен қоршаған ортаға әсерін көрсететін нақты деректер, зерттеулер, фотосуреттер болуы қажет.

- «**Экологиялық сауат және ақпараттандыру**» номинациясы. Бұл номинация аясында қатысушылар Қазақстан халқын экологиялық ағарту және ақпараттандыру саласында атқарылып жатқан жұмыстар мен жетістіктерді таныстырады. Атап айтқанда, қатысушылар экологиялық ақпаратты мақсатты түрде тарататын және кең аудиторияның назарын аударатын өздерінің бұқаралық ақпараттық науқандарын ұсына алады. Бұл экологиялық проблемаларға қоғамның назарын аударуға және хабардар етуге бағытталған **конкурстар, фестивальдер, көрмелер, жарнамалық акциялар және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ әлеуметтік желілерге белсенді қатысу, видеоблог түсіру, интернет-басылымдарда мақалалар мен материалдарды жариялау және мамандандырылған экология және тұрақты даму туралы ақпараттық ресурстар жасау** болуы мүмкін.

5. Байқауды өткізу мерзімдері мен тәртібі

5.1. Байқаудың 1-кезеңіне өтінімдерді қабылдау: **2023 жылғы 14 қыркүйек пен 13 қазан аралығында;**

5.2. Байқауға қатысуға өтінімді заңды тұлғаның уәкілетті басшысы **2023 жылғы 13 қыркүйек пен 13 қазан (қоса алғанда) аралығында** береді;

5.3. Байқауға қатысуға өтінім осы Ережеге жалғанған Қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде толтырылған өтінім, конкурстық жұмыстар және т.б. материалдар қоса беріледі;

5.4. Егер жұмыстың мазмұны байқаудың жалпы тақырыбына, сондай-ақ жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келмесе, байқауды ұйымдастырушылар қатысушыларды шеттетуге құқылы.

5.5. Қатысу тілдері: қазақ, орыс (қатысушының таңдауына сай).

5.6. Қатысушылардың ұсынылған жұмыстары бұрын басқа байқауларда пайдаланылмауы керек;

5.7. Байқауға жіберілген өтінімдерді байқау комиссиясының құрамы қарайды;

5.8. **Байқау екі кезеңде өткізіледі:** облыстық және республикалық. Өңірлік деңгейде конкурстық жұмыстарды бағалауды тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, елорданың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

Ұлттық деңгейде конкурстық жұмыстарды бағалауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Ұлттық кезеңге байқаудың **әр номинациясынан әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан, елордадан жергілікті атқарушы орган анықтаған бір жеңімпаз қатысады;**

5.9. Жергілікті атқарушы орган өтінімдерді қарайды және **Байқаудың 1-кезеңінің жеңімпаздарын анықтайды: 2023 жылғы 14 қазан мен 24 қазан аралығында.**

5.10. **Байқаудың 2-кезеңіне өтінімдерді қарау: 25 қазан мен 31 қазан аралығында.**

5.11. Әр кезеңде конкурс комиссиясының құрамы 5 адамнан кем емес;

5.12. Байқау комиссиясының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

6. Байқауға қатысу ережелері

6.1. Байқауға қатысу үшін қатысушылар номинациялар бойынша конкурстық жұмысты **видео форматта (1,5 минуттан аспайтын) немесе ұсынылған жұмыстың толық сипаттамасын қамтитын презентацияларды** ұсынуы қажет. Номинацияны таңдауды қатысушылар өз бетінше анықтайды, алайда **ұйымдар ұсынылған номинациялардың біреуіне ғана қатыса алады.**

6.2. Қатысушылар конкурстық жұмыстарты 2-Қосымшаға сәйкес тиісті аймақтың электрондық поштасына жіберуі қажет.

7. Байқаудың ұйымдастырушылары мен конкурстық комиссиясы

7.1. Байқауды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі *(бұдан әрі – уәкілетті орган);*

7.2. Уәкілетті орган байқау барысы және оның нәтижелері туралы ақпаратты ресми интернет-ресурста және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

7.3. Республикалық кезеңде байқау комиссиясының құрамын уәкілетті орган жасақтайды;

7.4. Өңірлік кезеңде байқау комиссиясының құрамын тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, елорданың жергілікті атқарушы органы құрады;

7.5. Конкурстық комиссияның құрамы қысым көрсету фактілерін болдырмау үшін қорытынды шығарылғанға дейін жарияланбайды;

7.6. Байқау комиссиясының құрамы:

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның өкілдері (ұлттық кезеңде);

- тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, елорданың жергілікті атқарушы органының білім беру бөлімінің өкілдері, сондай-ақ уәкілетті органның қоршаған ортаны қорғау ведомстволарының өкілдері (Байқаудың өңірлік кезеңінде);

- жетекші эколог ғалымдар;

- Қазақстан Республикасының экологиялық үкіметтік емес ұйымдары.

7.7. Байқау комиссиясы қатысушылардың жұмыстарының байқау шарттарына сәйкестігін тексереді.

8. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

8.1. Қатысушылардың жұмыстары келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- байқау тақырыбына сәйкестігі;

- тақырыптың өзіндік ерекшелігі, креативтілігі және ашылуы;

- практикалық құндылық.

9. Нәтижелерді жариялау және жеңімпаздарды марапаттау.

9.1. Байқау нәтижелері 2023 жылдың 10 қарашасына дейін жарияланады.

9.2. Жеңімпаздар 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін марапатталады (*салтанатты шараны өткізу күні мен форматын байқауды ұйымдастырушылар қосымша жібереді*).

9.3. Әрбір ұсынылған номинация бойынша 3 (үш) жүлделі орын анықталады (1, 2, 3 орын). Жеңімпаздар сыйлық сертификаттарымен, алғыс хаттармен және дипломдармен марапатталады.

«Экологиялық білім берудің үздік ұйымы»
 Ұлттық байқауы туралы Ережеге
 1-Қосымша

ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ
«Экологиялық білім берудің үздік ұйымы»

ӨТІНІШ беруші ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

(барлық ұяшықты толтыру міндетті, егер деректер жоқ болса, тиісті ұяшықта
 себебін көрсету керек)

Ұйым атауы	
Қызмет түрі (мектеп, оқу орталығы, университет, колледж, оқу орындары және т.б.)	
Облыс /қала/ауыл	
Қатысушыдан (ұйымдардан) өкілдің Т.А.Ә. және телефон нөмірі	
Электронды пошта	
Сіз қатысатын номинацияның атауы	
Жобаның қысқаша сипаттамасы (3-4 сөйлем)	

«Экологиялық білім берудің үздік ұйымы»
 Ұлттық байқауы туралы Ережеге
 2-Қосымша

Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы жауапты тұлғалардың байланыс деректері

№	Аймақ	Аты-жөні	Эл.почта, ұялы байланыс
1	Астана	Тасжанова Мадина	m.suleimenova@astana.kz +7 (778) 251-99-89
2	Алматы	Ертаев Еркебулан	yertayev.97@mail.ru +7 (700) 090-25-00
3	Шымкент	Сайлауова Назерке	nozerasailauova@gmail.com +7 (7172) 797-792

4	Ақмола облысы	Сайлауова Назерке	nozerasailauova@gmail.com +7 (7172) 797-792
5	Ақтөбе облысы	Лимешкина Елена	Nedra2004@inbox.ru +7 (701) 641-66-93
6	Алматы облысы	Хасенова Нұргүл	Nurgul_h_s@mail.ru +7 (747) 949-99-10
7	Атырау облысы	Сайлауова Назерке	nozerasailauova@gmail.com +7 (7172) 797-792
8	Батыс-Қазақстан облысы	Султашева Фариза	fa.sultasheva@bko.gov.kz +7(701) 687-46-88
9	Жамбыл облысы	Сайлауова Назерке	nozerasailauova@gmail.com +7 (7172) 797-792
10	Қарағанды облысы	Сайлауова Назерке	nozerasailauova@gmail.com +7 (7172) 797-792
11	Қостанай облысы	Сайлауова Назерке	nozerasailauova@gmail.com +7 (7172) 797-792
12	Қызылорда облысы	Аскаров Сырым	Obrazovanie_ko@mail.ru +7 (705) 319-43-37
13	Маңғыстау облысы	Ходжабаева Даметкен	Ocdt-2017@mail.ru +7 (778) 126-74-22
14	Павлодар облысы	Абильжанова Ботакоз	Abilzhanova.botakoz@pavlodar.gov.kz Abilzhanovab@mail.ru +7 (705) 707-75-76
15	Солтүстік Қазақстан облысы	Турлыбаева Замзагуль	zturlybaeva@sqa.gov.kz +7 (701) 153-53-29
16	Шығыс Қазақстан облысы	Исаев Аркадий	aissaev2013@mail.ru +7 (777) 983-16-75
17	Түркістан облысы	Омирбаева Сауле	+7 (778) 999-82-01
18	Абай облысы	Толеубаева Гаухар	toleubaevagauhar5@gmail.com +7 (747) 474-12-87 +7 (747) 353-32-10

		Курманова Алия	
19	Жетісу облысы	Сыдыканова Макпал	jetisuobl.tourism@mail.ru + 7 (771) 400-76-03
20	Ұлытау облысы	Сайлауова Назерке	nozerasailauova@gmail.com +7 (7172) 797-792